

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «5» маусым

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Қызылорда облысының тұрғындары және журналистерімен кездесті

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаева Қызылорда облысына жасаған іссапары барысында 2017 жылғы 5 маусымда Қордың Қызылорда облыстық филиалы ғимаратында жергілікті тұрғындармен және журналистермен кездесті.

Кездесуге жинақтаушы зейнетақы жүйесінің салымшылары мен алушылары – әр түрлі жастағы түрлі мамандық өкілдері келді. Журналистерді әсіресе зейнетақы Қорының өңір бойынша қаржылық көрсеткіштері мен тұрғындарды зейнетақы жүйесіне тарту мәселелері қызықтырды.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы өз сөзінде 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша облыстың 345 623 экономикалық тұрғыда белсенді тұрғындарының ішінде 320 083 адамның БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы шоттары бар екендігін жеткізді.

Бұл ретте тек 215 970 шотқа (67,5%) зейнетақы жарналары тұрақты түрде аударылып тұрады. Сондықтан БЖЗҚ қазіргі таңда зейнетақы капиталын қалыптастыру мақсатында тұрғындар арасында оларды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне белсенді түрде қатыстыру бойынша белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ал салымшылар мен алушыларды зейнетақы жинақтарының сақталуы, міндетті зейнетақы жарналары мен еңбек жағдайы зиянды және қауіпті кәсіпорындар жұмыскерлерінің міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару және төлеу, Байқоңыр қаласында тұратын және жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу мәселелері қызықтырды.

Нұрбибі Наурызбаева Қор жұмысын жолға қоюда салымшылар мен алушылардың мүдделері қашанда басымдыққа ие екендігін баса айтты. Басқарма төрайымы барлық сұрақтарға жан-жақты жауап бере отырып БЖЗҚ қызметінің салымшылар мен алушылар үшін қашанда ашық екендігін атап көрсетті.

Бүгінгі таңда Қызылорда облысында Қордың 9 бөлімшесі – облыстық филиал мен дербес қызмет көрсету орталықтары жұмыс істейді. Бұдан басқа, қашықтықтан кеңес беру және БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат беру арналары – Басқарма төрайымының блогы, қоғамдық қабылдау, кері байланыс секторы және Қор сайтындағы онлайн-консультация, әлеуметтік желідегі ресми парақшалар және 1418 қысқа нөмірі бар байланыс орталығы белсенді түрде жұмыс істейді. 1418 қысқа нөміріне Қазақстанның кез-келген өңірінен тегін қоңырау шалуға болады.

Кездесу соңында Басқарма төрайымы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық

туралы Меморандумға қол қойылған соң БЖЗҚ-ның ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жергілікті биліктің қолдауы арқасында белсенді және нәтижелі бола түсетіндігіне сенім білдірді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелеңдіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz